



## ҚАЗАҚСТАН БАЛА КАРДИОЛОГИЯСЫ МЕН РЕВМАТОЛОГИЯСЫНЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Б.Х.Хабижанов

С.Д.Асфендиаров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті, Алматы қ.

Көптігіне және әлеуметтік мағыналарына қарап, жүрек-қантамырлар аурулары (ЖҚА) «Ғасыр дерті» деп аталып кетті. ЖҚА мен құрес мәселелерінің сұрақтары көбейе түсуде, ейткені дүниедегі аурушаңдық пен өлім болжауларында алдағы онжылдықта олардың онан өрі арта түсетініне күмән жоқ.

ЖҚА мен ревматикалық аурулар мәселелерінің Қазақстанда да шешілмеген жерлері көп. Олай дейтініміз, елімізде тірі туган нәрестелердің 1000-нан 8-10 жыл сайын іштеп біткен жүрек ақауларымен (ІБЖА) туады. Жүректің дамудағы кіші аномалияларының (аномальды орналасқан хорда, митралдық қақпакша пролапсы сияқты) жиілігі балалар арасында 12-18%. Артериалды гипертензия жиілігі мектеп жасындағы балаларда 2001 ж. (Абдрахманов Қ.Б.) 7,4 % болса, 2007-2009ж деректерінде (Төлеутаева Е.Т.) 12,0%-дан жоғары. Артериалдық гипотензияның таралуы да 9,4% құрайды. Жүрекритмі мен өткізгіштігінің бұзылыстары да өте жи – 12-14%. Жүрек-қантамырлар ауруларының негізгі көпшілігінің қалыптасуына көп уақыт керек және олардың ағым жүрісі созылмалы және үдемелі болады, үлken кісідегі аурулардың кебінің басталатын кезі балалық, бозбалалық және жасөспірім шақта. Осы деректің өзі ЖҚА профилактикасы сол – бала кезден басталуы керек екенін көрсетеді, кейін кеш болады, осы туралы педиатрлар мен кардиологтар үнемі айтып келеді [1,2].

Шындықты көрсету керек, мемлекеттік және мекемелік шенберде халыққа кардиологиялық көмек көрсетуді жетілдіру үшін елімізде көп шаруалар жасалуда және жасалады да. Осы ретте ҚР Үкіметінің 13.02.2007ж №102 қаулысының және «ҚР 2007-2009 жылдардағы кардиологиялық және кардиохирургиялық көмек Бағдарламасына» сәйкес барлық облыстар орталықтарында кардиохирургия бөлімшелері мен ангиография кабинеттері ашылды. Олар осы күнгі тәртіпке сай керекті аппаратуралар және шетелдерде өзірліктер өткен мамандармен қамтамасыз етіледі. Осының өзімен Президенттің Халыққа Жолдауында айтылған – бұқара халыққа жоғары технологиялармен қамтамасыз етілген мамандандырылған кардиологиялық көмекті неғұрлым жақынданту жұмысы жасалын дегені - іске асты. Бар болғаны үш жыл ішінде революциялық қарғу жасалды, айқын алгоритмдер бойынша жедел болатын ми инсульті, жедел болатын коронарлық синдром, жедел басталатын қантамырлар тромбозы бар ауруларға құнды көмек, емдер жасалуда. Тамырлар ішіне стент қою, сөйтіп, миокард инфарктің болдырмауға және жалпы айтқанда тез дамитын коронарлық синдромының асқынушарын болдырмауға мүмкіндіктер жасалды!

Бірақ, өкінішке орай, осы облыстарда баладағы ІБЖА мен ірі қантамырлар мүкістіктеріне жасалатын операциялар кемде-кем, тіпті оларды жасау жолдары менгерілген жоқ. Әрине, күрделі кардиохирургиялық операцияларды нәрестеге бірден жасаудың қыын

екені түсінікті, бірақ онан сорлы балалар және со-лармен бірге қиналатын дәрігер, педиатрларға онан келетін женілдік жоқ. Өмірде жиі кездесетін шындық сияқты, ауруханалар мен олардың бөлімшелері үлкен кісілер мен балаларға бірге, арапас болса, бала денсаулығына деген көмек пен қамқорлықтар кейінге қалдырыла беретіні тағы да бір дөлелденді. Демек, бала кардиохирургиясымен кардиологияссыз орталығы белек және дербес болуы қажет.

28.12.2007ж ҚР Үкіметі Жарлығымен 2008-2010 жылдарда ана мен бала өлімін азайту Бағдарламасы бекітілген болатын. Осыған және басқа үкімдерге сәйкес, және ҚР Денсаулық сақтау Министрлігінің денсаулық сақтау ісінің Бірегей Ұлттық жүйесі Бұйрығы бойынша елімізде ана мен бала өмірін қорғау ісіне белінген финанс мөлшері бес есе артты. Осы ресурстардың белгілі пайызы бала кардиологияссыз, кардиохирургияссыз және бала ревматологияссын өрі қарай дамытуға жұмысалуы тиіс еді.

Көрсетіп айту керек, соңғы 10 жылдықтарда бала кездегі ЖҚА және ревматикалық патологиялардың ішкі құрылымы сипаты көдімгідей өзгерді. Кардиологияда жүрек ритмінің бұзылыстары, жүрек пен оның клапандық аппаратының даму аномалиялары көбейіп кетті, ревматологияда дәнекер тінінің бүкіл денедегі және жүректегі дисплазиялары, ювенильді артриттер мен спондилоартропатиялар көбейді; көрінше ревматикалық қызба мен ревматизмнен болатын клапандар ақаулары сирек кездесетін болды.

Жоғарыда айтқандай ЖҚА құрылымының ішінде жүрек ритмінің бұзылыстарының орны үлкен. Олар тек қана көп таралғаннан емес, оның ішіндегі 15-20 пайызының ағымы созылмалы түрде болатыны алаңдатады. Оның өзі шамамен 5 жылдан кейін аритмогендік кардиомиопатия қалыптасуына, қан айналысының бұзылысына, мүгедектік пен кенет өлу қаупін жоғарылатады. Ал, аритмиялардың емі біздің елде негізінен қалыптасқан деуге болады, ол жайында тәжірибе бар және аритмияларды тиімді емдеудің ғылыми нәтижелері де жақсы. Солардағы деректер - баладағы жүрек аритмиясының көпшілігі нейровегетативті генезбен байланысты болады екен және кешенді, ішінде нейро-метаболикалық, ноотроптық, мембранные стабилизациялау, сонымен қатар, тіндердегі зат алмасуын белсендіретін әсерлері бар дәрілерді бергенде емнен тиімді нәтиже болатыны анықталды [3]. Алайда, аритмиясы бар балалардың ішінде дәрілік терапияга көнбейтін жағдайлары кездеседі, осы тарапта оларға хирургиялық және радио-абляциялық ем тәсілдері немесе ритм көзін жөндейтін жасанды имплантация керек болады. Осы жағдайларда, әсіресе, толық атрио-вентрикулярлы блокадасы, синус торабының әлсіздік синдромының ауыр түрлері, әртүрлі дөрежедегі аритмогендік синкопалды жаман халдері бар балаларға кардиохирургиялық көмек



## Доклады

керек. Республикасында осындай синдромдарды емдеудің мүмкіндігі өлі шешілмей түр.

Бала кардиологиясын дамытуда мемлекеттік және салалық жетістік болып саналатын – ол соңғы жылдары облыстық бала ауруханаларын, ірі бала ауруханалары мен және олардың диагностика орталықтарын жаңа, толық информациялар беретін диагностика аппараттары - ЭхоКГ, эховазограф, ішкі ағзалардың УДЗ аппараттары, компьютерлік медициналық жүйелер, жүрек соғу жиілігі мен arteriалдық қан қысымын төулік бойына монитор-лайтын мүмкіндігі бар (холтер қондырығысымен) ЭКГ аппараттарымен қамтамасыз етілетіні. Осы бағытта бала кардиологиясы мен ревматологиясында ауруларды жүйелі түрде бақылаудың мүмкіншілігі орнады, ал, оның өзі тиімді емдеудің, аурулардың алдын алуын және реабилитациялаудың ең керекті жолы.

ЖҚА құрылымының ішінде ерекше орын алатыны, өздерінізге белгілі - іштен біткен жүрек ақаулары. Жыл сайын елімізде 3000 тендерінде ИБЖА бар нәрестелер туады, жалпы ИБЖА-мен операциялар жасалмаған балалар саны елімізде 5000-нан асады. Қазақстанның өз кардиохирургтары балалардың 1/3-не операция жасайды, Ресейде, Қыргызстанда және алыс шетелдерде 400-500-ге тарта операциялар жасалады. Операция жасалмаған ИБЖА-мен туған нәрестелердің 50 пайзызы бір жасқа жетпей өледі. Айта кету керек, ИБЖА пайда болу жиілігі біздің елімізде басқа елдермен салыстырғанда жіңі де сирек те емес. Ал, ИБЖА –мен туатын нәрестелердің санын азайтудың мүмкіншіліктері бар, олар – дер кезінде ИБЖА-ның пренаталды диагностикасы. Бұл жерде көп мәселе ЭхоКГ-мен дәл диагноз қоя алатын маманның біліктілігінде және де құрсақта жатқан нәрестелерді, яғни жүкті әйелдердің бәрін УДЗ-ден өткізуі үйімдастыруға байланысты. Бір сөзben айтқанда ИБЖА-ның құрсақшілік диагнозы - ақауларының түрлері ауыр нәрестелердің тууын азайтуға, сонымен қатар, ИБЖА-мен туған нәрестелерге хирургиялық операцияны ерте жасаудың бірден-бір жолы.

Бұрынғы кездегідей, миокардиттер мен кардиомиопатиялар да бала кардиологиясының күрделі мәселелерінің бірі болып қалуда. Осыдан 10жыл бұрын кардиомиопатия диагнозы сирек және 100 000 бала ішінде 2-3 болса, енді қазір кардиомиопатияның дилитациялық және гипертрофиялық түрлерінің жиілігі 100 000 балаға 20-ға тең. Ал, оларды тиімді емдеу жұмысы дүние жүзінде өлі шешілмеген мәселе екені белгілі.

Балалардағы ревматикалық аурулардың проблемалары олардың көп екендігімен және мүгедектіктін ерте даму қауіпімен байланысты, ал осы ауруларға ерте диагноз қою өлі де оңай емес.

Өздерінізге белгілі БҰҰ қолдауымен дүниежүзілік денсаулық сақтау үйімі (ДСҰ) 2001-2010 жылдарды «Сүйек және буын ауруларымен күрестің 10 жылдығы (декадасы)» деп жариялады (Брундуланд Г.Х. 2000; Насонова В.А. 2000). Осылай жария етудің мақсаты үлкен үйімдастыру шараларын іске асырудың жолы деп саналады, оның өзі: 1) тірек-қимыл аппаратының аурулары кез-келген жаста дамитыны; 2) буындардың, дәнекер тінінің диффузды қабыну дерттері, олармен ауруатын адамдардың көбінде балалық және

жасөспірімдік шақта пайда болатыны; 3) инфекциялы емес созылмалы аурулардың ішінде ревматикалық дерттердің үлесінің көптігі.

«Декаданың» негізгі мақсаты – ревматикалық аурулармен ауруатын науқастарға ерте диагноз қою тәсілдерін, оларды емдеудің және өмір сапасын жақсартудың жолдарын іздестіру; осының ішінде проблеманың педиатриялық үлесі және де, өдейі көрсетілген.

«Декаданың» міндеттері:

1. Ревматикалық дерттердің олармен науқас адамдарға, олардың туыстарына келтіретін зардағын, дерттерді емдеудің қымбаттылығын және оңай еместігін қофамның санамен түсінің;

2. Ревматикалық аурулардың емдеу тактикасының және алдын алу жолдарын жақсарту қажеттігін, ол үшін бағыт алған, белсенді түрде ғылыми зерттеулерді жүргізуіндік қажеттігін қофам санаусына жеткізу.

Осыбір аурулар бала жасында жиі басталады және үлкен адамдардағы осындай патологияға қарағанда белгілі ерекшеліктермен сипатталады. Олар:

- аурулардың созылмалы және үдемелі ағымы;

- аурулардың үлкендерге қарағанда агрессивті түрде өтуі, өлім қаупі, өсірсеке, аурулардың жүйелі түріндегі көздесетін ауыртпалығы;

- 5-10 жыл ішінде ауыр түрдегі мүгедектіктің қалыптасуы;

- ауру баланың табиги және жыныстық дамуда артта қалуы, оның сыртқы түрінің өзі-ақ құрдастарына қарағанда айырмашылығы бірден байқалатын кемістігі;

- көп жағдайда ғұмыр бойына созылатын мүгедектік, онымен қоса, ішкі өзіндік сезімін енебойы жарапайтын психо-эмоционалдық травмалар;

- ерте қойылған диагноздың, адекватты жасаған емнің әжептәуір нәтижелер беретіні; үлкен кіслерге қарағанда балада мүгедектікті болдырмауға немесе оны азайту мүмкіншіліктерінің бар екендігі.

Дәнекер тінінің жүйелі ауруларының, ювенильдік артриттер мен атропатияның Қазақстанда көздесу жиілігі балалар мен жасөспірімдер арасында 0,2-0,3% құрайды, осы аурулардың біразы ауыр түрде висцериттермен үштасып, бітуі екіталаі болатыны анық, сондықтан да, осы кезде вирусологиялық, бактериологиялық және иммунологиялық зерттеу тәсілдерін, олармен лабораториялық диагноз қоюды өр облыста жетілдірудің және осы құнгі технологияларды енгізуіндік мәні зор мәселе. Осы жолда тиісті мақсаттың бірі ЮРА-тін емдеуде тиімді гендік инженерия және В-клеткалардың белсенділігін тоқтататын мабтера (Mabthera), актемра (Actemra®) сияқты дәрілерді бала ревматологиясының практикасына енгізу. Үлкен кіслерге тиімділігі өте жогары болатын осы дәрілер балаларды емдеу үшін пайдалануға болады деген рұхсат жоқ. Алайда, Ресейде, Мәскеуде Бала денсаулығын қорғау FO-да осы дәрілер бала ревматологиясында тиімді қолданылуда. Оған келісім рұқсат этикалық комитеттеп реттелген.

Соңғы жылдарда бала жасындағы ревматология және кардиологиясының екеуіне бірдей проблема



- ол дәнекер тінінің диспластикалық синдромдары және жүрек тінінің дисплазиялары (митралды клапан пролапсы, аномалды орналасқан хорда, ашық овалды терезе, ұзын Евстахиев қалқаны, Вальсальва синустарының диллятациясы, аорталды клапандардың 2 жармалылығы және басқа). Осылар балаларда өте жиі кездеседі.

Г.М.Кульниязованың докторлық диссертациясындағы материалдарда Алматыдағы балаларда дәнекер тіндік диспластикалық синдром 67,4% жиілікпен, ал, оларға байланысты жүрек аномалияларының яғни, олардың висцералдық белгілерінің өзіндік үлесі 58,6% тең екені көрсетілген [4]. Ресей ғалымдары будан да жиі санды көрсетеді. Бұл синдромдар фибриногенездің генетикалық жолмен бұзылғанын, сонымен бірге сыртқы және висцералды даму аномалияларының көп түрлери барын көрсетеді. Осымен қатар, бұл ауруларда гомеостазистің өзі тіндік, ағзалық және бүкілденелік өзгерістермен сипатталады. Бұның негізі дәнекер тінінің құрылымы өзгерісіне, соның ішінде патологиялық коллагеннің тіндерде орналасуымен түсіндіріледі. Ал, дәнекер тінінің тіректік, трофиқалық және қорғау-сақтау функцияларын атқаратының өздерінізге белгілі. Осы патологиялардың жүрек-қантамырлар, вегетативтік нерв жүйесі және иммундық жүйелердің аралас патологиясы екені және олардың адаптивтік және компенсаторлық жүйелерді төмendetetіні, әсіресе, әсерлердің ақыл-ойлау, физикалық және психологиялық ауыртпалықтарды жақсы көтермейтіндігімен сипатталады. Бұл аномалияларға уақытында диагноз қою, емдеу, жүйелі түрде сауықтыру және реабилитация жасау керек. Ол үшін әдейі жасалған алгоритмдер бар. Осындай балалардың өте көп екенін еске алып, бала емханалары және санаторийлерінің жаңынан реабилитациялық орталықтар ашу керек. Ресейде осындағы жұмыстар қарқынды жүргізілуде, мұндаидар кешенді шаралар балалардың психо-әлеуметтік адаптациясын, өмірінің сапасын жоғарылатуға және профессионалдық ориентация мен әскери борышын өтеге жарамдылығын көтеруге пайдасы зор [4].

Педиатрияның кардиологиялық мәселелердің және бірі - баяғыдан белгілі - эссенциалдық артериалдық гипертензияның профилактикасы. Оның өзі үлкендерде ми инсультінің және жүректің ишемиялық ауруларының алдын алудың ең тиімді жолы екені белгілі. Алдын алудың ең тиімді көзі мектеп жасы, осы этапта бала алдында қауіпті факторлар қалыптасады, бірақ та олар әлі әдетке айналмаған, денсаулыққа зиянды жүрек-қантамыр ауруларына итеретін стереотипі қалыптаспаған кез. Бұл проблема екінші қырымен, темекі тарту, наркомания, өнегесіз отбасылар әсері және де семіздік проблемасы,

онан пайда болатын метаболикалық синдромдармен ұштасады. Қазіргі кезде Алматыдағы мектеп жасындағы балалар арасында артық салмағы бар балалар 15 % құрайды, ал біздің деректерге қарағанда осы балалардың яғни, семіздігі барлардың 1/3-де метаболикалық синдромның (гиперинсулинемия, қандағы глюкозаның жоғары деңгейі, гиперхолестеринемия, артериалдық гипертония ж.б.) толық, не толықта жақын белгілері, кездеседі.

Қорытып айтқанда, Қазақстанда бала кардиологиясы мен ревматологиясының шешілмеген мәселелері жеткілікті. Оларды шешу үшін тапосы бала және жасөспірімдік кезде жасалатын привентивтік шаралар керек. Біріншілік медико-санитарлық көмек және жоғары технологиялық медициналық көмектер деңгейінде көрсетілетін медициналық ем профилактикалық шараларын жетілдіру жолдары төменде көрсетілгендей болуы тиіс. Олар:

- 1БЖА-на пренаталды диагноз қоюдың әдістерін енгізу және оларды жетілдіре тусу;

- жылына 300-350 жаңа туған және онан үлкен, жүрегінде ақауы бар балаларға, қауіпті аритмияларға, III дәрежелі АВ блокадаларға ж.б. операциялар жасай алатын тек қана балаларға арналған, дербес кардиохирургиялық және кардиологиялық орталықтарды ашу;

- эссенциалды артериалды гипертония (және гипотония) жүрек аритмиялары бар қауіпті топтарға жататын балалар үшін ЭКГ, пульс пен қан қысымын мониторлайтын технологиясын ендірудің бағдарламасын құрастыру.

- ревматикалық ауруларға вирусологиялық, бактериологиялық және иммунологиялық диагноз қоюға мүмкіншілік беретін осы құнгі талаптарға сәйкес әдіс-тәсілдерді енгізу;

- балалардың ірі ауруханалары мен емханалары жаңынан дәнекер тіні дисэмбриогенезі және жүрек, тірек-қозғалыс аппаратының аномалиялары бар және ювенильді артриттермен ауыратын балаларға арналған сауықтыратын реабилитациялау орталықтарын ашу;

- Қазақстанның бірегей информациялық торабында пайдалануға жарайтын кардиологиялық және ревматикалық науқастары бар балалардың регистрін құрастыру;

- ҚР ДС министрлігі бала кардиологиясы мен ревматологиясын жетілдіру шарасына арналған, бүйрық шығару, онда бала кардиологтары, кардиохирургтары және ревматологтарының штаттық жүктемелері көрсетілген.

Алда тұрған мәселелерді осы жолдармен шешу жаңа позитивті нәтижелерге жетуге мүмкіндік беретіні анық.

### Әдебиет:

1. Абдрахманов Қ.Б. Қазақстанның үш регионаның мектеп жасындағы балалар арасында артериальды гипер- және гипотензияның таралу жиілігі. Педиатрия және бала хирургиясы, 2001;1:31-34
2. Түлеутаев И.Т. ҚР мектеп жасындағы балалардағы артериалдық гипертензия. Докт..дисс....авторефераты, Алматы, 2010
3. Майтбасова Р.С. Баладағы жүрек ырғағының бұзылыстары. Вестник ЮКГМА, 2005;1-2:79-41
4. Кульниязова Г.М. Малые аномалии развития сердца. Здоровье семьи – XXI век. Сборник Международной научно-практической конференции, Таиланд, Бангкок, 2006;199-201